

## Меркі ауданындағы ауылдық (селолық) және поселкелік округтердің әкімшілік-аумақтық құрылымын ретке келтіру туралы

Жамбыл облыстық мәслихаты мен Жамбыл облысы Әкімінің 1998 жылғы 8 қазандағы N 197 шешімі. Жамбыл облысының Әділет басқармасында 1999 жылғы 12 ақпанда N 200 тіркелді.

Меркі аудандық мәслихат және аудан әкімінің ұсынысын қарай келе, шаруашылық қызметке басшылықты жақсарту, бюджеттік қаржыны үнемдеу мақсатында және "Қазақстан Республикасындағы әкімшілік - аумақтық құрылымы туралы" Заңның 11-бабын басшылыққа ала отырып облыстық мәслихат және облыс әкімі **ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

Меркі ауданының поселкелері, ауылдары (селолары) және ауылдық (селолық) округтерінің әкімшілік-аумақтық құрылымы ретке келтірілсін.

1. Жамбыл ауылдық (селолық) округі Жамбыл селосындағы орталығымен оның құрамына Ақтоған ауылдық (селолық) округі енгізіліп; 2. Сарымолдаев ауылдық (селолық) округі Сарымолдаев ауылындағы орталығымен оның құрамына Ақарал ауылдық (селолық) округі енгізіліп;

3. Жаңатоған ауылдық (селолық) округі Қостоған селосындағы орталығымен оның құрамына Сұрат ауылдық (селолық) округі енгізіліп;

4. Нововоскресеновка ауылдық (селолық) округі Нововоскресеновка селосындағы орталығымен оның құрамына Гранитогорск поселкесі енгізіліп;

5. Кеңес ауылдық (селолық) округі Кеңес селосындағы орталығымен оның құрамына Жаңааспара және Ақермен ауылдық (селолық) округтері енгізіліп құрылсын.

1. Меркі ауылдық (селолық) округі Меркі селосындағы орталығымен; 2. Ойтал поселкелік округі Ойтал поселкесіндегі орталығымен; 3. Тәтті ауылдық (селолық) округі Тәтті селосындағы орталығы мен бұрынғы шекараларында қалдырылсын.

*Облыс мәслихат сессиясының төрағасы*

*Облыстық мәслихат хатшысы*

*Облыс Әкімі*